

- "Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек."
- Ахмет Байтұрсынұлы
- Бірлікпен жұмыс жасап, білімді ұрпақ дайындау - нағыз мұғалім ісі

- Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:
- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айна-лдырмау;
- 6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- 7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

- «Баламен сөйлеу өнері» Отбасылық тәрбиенің парыздары
Сухомлинский В.А.
- 1. Кемітпе.
- 2. Қорқытпа.
- 3. Үәдені қинап алма.
- 4. Артық өнегеленбе.
- 5. Балаға өзіндік болуына кедергі болма.
- 6. Өз қатеңді мойындауға қорықпа
- 7. Тәрбиені өзіңнен баста.
- 8. Өз балаңа сен.
- 9. Баланың өзіне сенуіне көмектес.

Откажитесь от вредных привычек. 30 привычек от которых стоит отказаться навсегда.

1. Терпеть то, что тебе не нравится.
2. Общаться с людьми, которые убивают твою самооценку
3. Думать о том, что скажут другие.
4. Пытаться держать все под контролем.
5. Плыть по течению и выбирать путь наименьшего сопротивления.
6. Держать свое мнение и все чувства при себе.
7. Бояться рисковать.
8. Думать только о других, а не о себе.
9. Стараться понравиться всем.
10. Забывать о близких и родителях.
11. Проводить все свободное время в четырех стенах.
12. Постоянно спешить.
13. Осуждать себя.
14. Бояться ошибок.
15. Говорить «я не могу» и настраивать себя на неудачу.
16. Сравнить себя с другими.
17. Заикливаться на прошлом.
18. Думать только о будущем.
19. Жаловаться на жизнь.
20. Держать в себе обиду.
21. Покупать и хранить ненужные вещи.
22. Делать все самостоятельно.
23. Пытаться быть совершенным.
24. Перекидывать ответственность на других.
25. Давать обещания, которые не сможешь сдержать.
26. Думать о плохом.
27. Стесняться.
28. Повторять свои ошибки.
29. Завидовать.
30. Хмуриться.

Қызығушылықты ояту кезеңінде мына стратегияларды жүзеге асыруға болады:

№ Стратегиялар

1 Топтау

2 Ақыл картасы

3 Бұрыштар

4 Елес жетелеу

5 Аквариум

6 Аралас, қатып қозғалма, жұптас

7 Семантикалық карта

8 Инсерт (түртіп алу)

9 Концептуалдық кесте

10 ББҮ кестесімен жұмыс

11 Ұғымдар келеді


12 Венн диаграммасы

13 Т кестесі

14 Терминдермен болжау

15 Болжау 16 Кластерлеу

ОҚУШЫНЫҢ «ҮШ ЖҰРТЫ» Ал, мектеп табалдырығын аттап, шылқылдаған шыбықтай жетіліп келе жатқан перзенттердің де тура осындай үш жұрты бар десек, олар: **ата-ана, мектеп және қоғам** болмақ. Бұлай дейтініміз, білім ордасынан сапалы білім алу үшін оқушыға мектептегі шарт-жаңдайдың кемелді болуы жеткіліксіз. Оған міндетті түрде ата-ананың қамқорлығы, қоғамның тәрбиесі ауадай қажет. Олай болса, «оқушының үш жұрты» деп атап, көрсетіп айтпақшы болған ойымыз ата-ана мен мектеп және қоғам арасындағы бүгінгі сабақтастық қарым-қатынас пен оның ұрпақ тәрбиесіндегі ролі төңірегінде болмақ. Қазіргі мектеп оқушыларының жан-жақтылы өсіп жетілуіне Әл-Фарабидың сөзімен айтқанда: “тәрбиемен білімді қатар алуына” біз атап отырған үш жақтың бір-бірімен сәйкесуінің, ортақ мүде үшін селбесуінің жетіспеушілігі тұсау боп отыр. Асылында, ата-ана балаға жақсы тәлім беріп, мектеппен жақын қарым-қатынаста бола білсе, мектеп оқушыны жан-жақтылы, толық қадағалап, берген білім мен тәрбиені талап ете алса және қоғам өнегелі істермен оларды ізгілікке, жақсылыққа баурай білсе әр оқушы бір-бір саланың тетігін ұстаған маманы болмаса да, инабатты, ибалы адам болып жетілуіне күмән жоқ. Ал, шын мәнінде неге қазіргі оқушылардың білімі олқы? Олқы болсын делік, неге білімге, ғылымға құштарлықтары төмен? Ұлттық рухы пәс, әдеп- ибадан жұрдай, санасы саяз жастар неге көп? Осы кемшіліктер үшін кімді кінәлаймыз? Үшеуіне жеке-жеке тоқталып көрейік. Алғашқы өз жұрты – ата-ана Бала үшін ең негізгі фактор боп саналатын – ата-ана. Кеше хакім абай : -Баланы медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,- деп еді. Ал бүгінгі ата-аналар кім болсын деп жүр? Керісінше, көбісі баласының шен-шекпенді болғанын, қалтасы қампиған бизнесмен болғанын, я, болмаса атағын алаш таныған “жұлдыз” болғанын қалайды. Өйткені осының бәрі айналып келгенде атақ, абырой мен ақша деген сөздер балаға ең ары кетсе жақсы баға алуды тапсырады. Бала күнделіктен 5 деген цифрды көрсетсе болғаны «көңіл тоқ, уайым жоқ» деген сөз. Ал, мектеппен жақын қарым-қатынаста болып, “баланы бастан” тәрбиелеуге көбінің құлқы жоқ... Сонымен, “ болары болып, бояуы сіңгенде” ғана намысы оянып, жанашырлығы артып: “менің балам неге құлайды? Осыған дейін 5-ке оқыған енді не көрініпті?”,деп шу көтеруге ғана үлгеріп жатады. Бір жағынан баланы “қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай” өсірсем болды деп материялдық қажеттілігін қамдауды бірінші орынға қояды да, оның тәрбиесімен айналысуды ұмыт қалдырады. Айналып келгенде, сол баяғы жалған намыс, арзан атақ. Тәрбие тал бесіктен басталмай ма? Бесігінде берік болмаған тәлімді есейгенде кімнен сұраймыз? Екінші жұрты-мектеп Ақиқатын айтқанда, қазір “сен тимесең мен тимен, бадырақ көз!” дейтін заман. Мекемелер мен органдарға керегі құлақтың тыныштығы. Мектеп те солардың қатарында. Бірнеше таңдаулы зияткерлік мектептер мен дарынды балаларға арналған лицейлерді қоспағанда көбісі ұрпақтың келешегінен гөрі жоғарыдан келетін тексерістен қатты алаңдайды. Сондықтан да қағаз жүзіндегі білімде тарыдай мін жоқ. Ал, ұрпақтың санасына сіңіп жатқан білім мен тәрбиенің деңгейі керісінше- мүшкіл халде. Ұлтына шын жаны ашитын әр азаматтың жүрегіне жүк түсірерлік. Ел, халқын былай қойып өз болашағын біліммен, ғылыммен байланыстыратын, елім, жерім деп еміреніп тұратын рухты, намысты ұл мен қызды таппайсыз, табылса да саусақпен санарлық ғана. Осының бәріне тек кезекшілік міндетті ғана атқарып, ұлттық рух, тарихи сана дегенді қаперіне ілмейтін мектептердің үлесі көп. Үшінші жұрты – қоғам Балаға ақ сүт берген ана мен білім беретін мұғалімнен гөрі артық ұстаздық ететін өскен ортасы. Қазір ұрпақтың бойына қазақылық пен отаншылдық рухты сіңіру кезек күттірмес міндет боп отырған жаһанданудың кезеңінде теледидар, интернет қатарлы ақпараттық құралдар оқушы санасына оң әсерін береді, деп айту қиын. Бір ғана телеарның өзін айтсақ, онда баланы ізгілікке, отансүйгіштікке, елін, жерін қорғайтын патриоттық рухқа тәрбиелейтін берілімдер жоқтың қасы, керісінше байлыққа, мансапқа, атақұмарлыққа баурайтын шоу бағдарламалар,зұлымдық пен пасық пиғылды дәріптейтін шетелдік сериалдар дес бермей тұр. Олардың алдын тосып сәбилер мен жеткіншектердің ақ қағаздай кіршіксіз санасын қорғап қалатын заңдық тұрғыда пәрменіміз жоқ, адами тұрғыда арашалап алатын дәрменіміз де жоқ болып отыр. Ұяда осындай адамгершілікке жат тәлімді көрген ұрпақтың ертеңі не болмақ? Жоғарыда айтып отырған жастарымыз осындай болмысымызға жат тәрбиенің “тәтті” жемісі. Жан-жақтан қаумалаған жат пиғылдың жарнамасын өсіп келе жатқан баланың тәрбиесін тек мектепке арқалатып қою ауырлық етпетіні белгілі. Әлгінде айтқан ойымызға қайта соқсақ, бала бар ынта-пейілімен ертеңгі болашағының негізін қалауға кірісіп, білім ордасынан өз еншісін толық алуына мүмкіндік жасамайынша, оның назарын басқа жаққа аударатын сылтау мына заманда табылады. Ал, мектептен тыс уақытта ата-анамен қоғам болып, бабалардың асыл мұрасын негіз еткен қазақы тәрбиемен сусындатпаса, олармен сөйлесетін, олардың тілін оңай тауып, өзіне баурап алатын даңғазалар да жетерлік. Сондықтан, мектептегі әр баланың тағдырын- елдің тағдыры деп бағалап, баланың әр минуты мен әр басқан қадамы қоғам, мектеп және ата-ананың назарынан тыс болмауы керек. Ата-ана мен мектеп, қоғам мен мектеп арасындағы қарым қатынасты қоюлатып, «бесігіміздің түзелуіне» білек сыбана кіріспей болмайды. Ұрпақ тәрбиесі ұлтын шын сүйетін әр азаматтың атқаруға тиісті ісі, кешегі бабалар аманаты, бүгінгі заманның ең ауыр да абыройлы міндеті-дүр.



Сергіту сәтінде оқушылардың көңіл-күйін дамытуға арналған психологиялық жаттығулар 1. «Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек.«Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендербір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен,көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.

2. «Сантики, Фантики, Лимпопо». Барлығы шеңбер бойымен тұрып, бір баланы таңдайды да бөлменің сыртына шығарады. Шеңбердегі балалардың ішінен бір баланы жүргізуші етіп сайлайды, ол шеңбердегі балаларға қозғалыстарды көрсетіп тұрады. Барлық ойыншылар жүргізушінің артынан көрсеткен қимылдарды қайталау керек. Қимылдарды қайталаған кезде жүргізушіге қарамай, білтіртпей жасау керек. Шеңбердегі балалар шапалақ ұрып, «САНТИКИ, ФАНТИКИ, ЛИМПОПО» деп айтып ойынды бастайды. Бөлме сыртында тұрған бала ойыншылардың дауыстарын естіп, бөлмеге кіреді де шеңбердің ортасына тұрып, кім жүргізуші екенін табу керек. Егер жүргізушіні тапса, жүргізуші есіктің сыртына шығады. Ойын сол ретімен жалғасып отырады. 3. «Көңіл-күй неге ұқсас». Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл-күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. Ойынды үлкен дер бастаса жақсы болар еді: «Менің қазіргі көңіл-күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның сонында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл-күйі қандай екен: қайғылы, көңілді, күлкілі, ызаланған т.б.Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жаман ауа райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты элементтер агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар аударыңыз.

- Ата-аналар жиналысында қолдануға өте тиімді. Байлаулы бала (тренинг): Бір ата-ана ортаға шығады. Төмендегідей сұрақтар қойылады.
- 1. Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп кетті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады)
- 2. Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап отыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады)
- 3. Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атыс-шабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне келмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)
- 4. Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз? (кеудесі байланады)
- 5. Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы байланады) Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде мақсатыңызға жете аласыз.

- Ойынның оң уәждемесін жасаудың әсерлі тәсілі. Олар алуан түрлі болуы мүмкін. Оған қоса – «сөздер ойыны». Ойынды ең маңызды сөздерден бастаған жөн. Мәселен, баланың есімінен.
- «Есім» ойыны: ЖҰЛДЫЗ
- Ж - жақсы
- ұ – ұтқыр
- Л – лайықты
- Д – дос
- Ы – ынталы
- З – зерек

«Көршіңмен сырлас»

- Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы, яғни сыни ойлау стратегиялары «Көршіңмен сырлас» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын ауызша білдіруіне үйретеді. Сұрақ қойып, ойлануына уақыт беріңіз. Өз ойымен көршісімен бөлісіп, ақылдасуын сұраңыз. Бір-бірінің жауабын толықтырып, берілген тақырып бойынша білімдерін ортаға салуын тапсырыңыз

*"Сұрақ қоюдың түрткі болу тәсілін
пайдалану арқылы оқушының білім
алуын қолдау" коучингтің
тақырыбы*

Сыни достық қолданылатын салалар Әртүрлі жағдайлардағы сыншы достық қызметі Сыншы досты таңдау. Әдетте сыншы досты тағайындау үшін мұғалімнің өзі немесе мектеп басшысы жауап береді, содан кейін сыншы дос ретінде таңдалған адамға бұл ұсыныс жеткізіліп, оған осы рөлді қабылдау туралы өтініш білдіріледі. Сыншы дос ретінде кім таңдалуы мүмкін?

- қазіргі кезде жүріп жатқан немесе аяқталған бағдарлама аясында тәлімгер болған адам;
- белгілі бір тақырыптар бойынша мектепте коучинг өткізген адам;
- педагогикалық мамандық бойынша мамандар даярлайтын оқу орны- ның оқытушысы;
- білім беру саласындағы ғылыми ұйымның өкілі;
- сол мектептегі немесе басқа мектептегі әріптесі;
- зейнетке шыққан мектеп басшысы;
- Мектеп кеңесінің төрағасы;
- мұғалім;
- кәсіби коуч;
- басқа ұйымның немесе бизнес құрылымының көшбасшысы. Сыншы доспен жұмыс істеу Сыншы дос ретінде жұмыс істеу барысында сізге мынадай мәселелерді естен шығармаған жөн:
- құпиялылық маңызды; 22 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
- «сыншы» деген сөз іске, үдеріске қатысты, ал «дос» жеке тұлға ретінде сізге қатысты айтылған;
- сіздің тарапыңыздан айтылған кез келген пікір, ой-тұжырым сынау, мін тағу емес, кәсіби проблеманы қарастыруға бағытталуы керек;
- қолжетімділік, үдеріске берілгендік, адалдық, сенімділік мәселелері мен алға ілгерілеу қалай бағаланатындығына қатысты барлық үміт-тілектер өзара талқыланып, келісілуі керек;
- сіздің өзіңіздің жұмыс тәртібіңіз болуға тиіс, сондықтан сіз оны әзір- леп және үдеріс барысында оны ұстануға жауаптысыз;
- жұмыс табысы, нәтиже туралы пікірталасқа ашық болу – өте маңызды;
- үдерістің басында ақ кез келген келіспеушіліктер, шиеленіс-тартыстар қалай шешілетіндігін келісіп алу қажет;
- сыншы доспен қарапайым келісім жасасу (үлгісі 1-қосымшада берілген) екі жақтың да бұл үдерістен не күтетінін және міндеттерін анықтап алуға көмектеседі.

Чистый лист Однажды Учитель, показал учениками чистый лист бумаги, где в середине стояла черная точка и спросил: «Что вы видите?» Первый ученик: «Точку». Второй: «Черную точку». Третий: «Жирную точку». Тогда Учитель ответил: «Вы все увидели только точку и никто не заметил большого белого листа!». Вот так же мы судим о человеке, по по его мелким недостаткам.

